

Тақырып 8. Бюджет-салық саясаты

- **Бюджет-салық саясаты: мақсаты мен құралдары**
- **Дискреционды және дискреционды емес фискалды саясаты (автоматты тұрақтандырғыш)**
- **Мемлекеттік және салық мультипликаторы**
- **Ығыстыру әсері**

Бюджет саясаты- мемлекеттің басты
ЭКОНОМИКАЛЫҚ саясаты.

Саясаттың негізгі мақсаты мемлекттік қор мен
қаражаттарының қалыптасуына бағытталуы
және қоғамның тұрмыс деңгейінің
жоғарылауын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік бюджет табыстар мен шығыстар арақатынасынан қалыптасады.

Бюджет тапшылығы шығыстардың табыстардан артып кетуі нәтижесінде туындаса, ал **бюджет профициті** табыстардың шығыстардан артуынан қалыптасады.

Бюджет тапшылығының қалыптасу себептеріне:

- ❖ **Өндірістің құлдырауы;**
- ❖ **«Бос» ақшалардың шығуы;**
- ❖ **Әртүрлі әлеуметтік бағдарламалар;**
- ❖ **Мемлекеттің түрлі сфералардағы рөлі,
әлеуметтік және экономикалық
қызметтерінің кеңеюі.**

Бюджет тапшылығын жабу жолдары:

- 1. Мемлекеттік займдар;**
- 2. Қатан салық саясаты;**
- 3. Ақша эмиссиясы, яғни сеньораж;**

Нақтылы уақытта сеньораж **ақша эмиссиясы емес**, өйткені ол ақша жиынының **құнсыздануына әкеледі**, бірақ банктердің қосымша резервтерін қалыптастырады немесе ҰБ-ң **арнайы пайыз мөлшерімен** мемлекеттік мекемелерге несие берумен байланысты қалыптасады.

Сеньораждың қалыптасу себебі

ақша жиынының өсу қарқыны нақты
ЖҰӨ-ң өсу қарқынынан артуы нәтижесінде
және орташа бағалардың
өсуіне әкеледі.

2 сұрақ.

Экономикалық өсу болғанда

бюджет артықшылығы қалыптасады.

Экономикадағы тұрақтылық деңгейі бюджет тапшылығы мен артықшылықтар ауытқулары көлемімен байланысты және де ауытқулардың өзгерісін автоматты түрдегі «амортизаторлар» атқару арқылы жиынтық сұранысқа әсер етеді.

Ауытқу тапшылығы дегеніміз

автоматты түрдегі салық түсімдерінің қысқаруы ($T \downarrow$) мен іскерлік қарқындылықтың төмендеуі нәтижесінде трансферттік төлемдердің өсуі ($G \uparrow$) нәтижесіндегі **мемлекеттік бюджеттің тапшылығы.**

Ауытқудың (циклдық) **өсу фазасында** салық көлемі автоматты түрде өседі де (**T↑**), мемлекеттік төлемдер қысқарады (**G↓**).

Нәтижесінде **бюджет артықшылығы қалыптасады.**


Бюджет тапшылығы мен бюджет артықшылығының тепе-теңдігі қалыптасып, Y_0 өнім көлеміне тең.

Бюджет тапшылығында G өсіп, ал T кемиді.

Және керісінше, бюджет артықшылыында G кеміп, T артады.

Ал экономикалық өсуде T көлемі T_1 –ге дейін көтеріледі.

G, T



Тапшылық және артықшылық ауытқулар
көлемі **бюджет және салық саясатының**
қызметтерімен байланысты.

Графиктегі

T- салық функциясы (Δt) салық мөлшерінің шекті көлемімен анықталады.

G – мемлекеттік шығындар функциясы
у көлемімен анықталып, трансферттер мен табыс көлемінің өзгерісін анықтайды.

Нәтижесінде

табыс деңгейі өскен сайын, салық көлемі **T↑** өсуіне және мемлекет тарапынан бөлінетін трансферттердің төмендеуіне **G↓** әкеледі.

T1 жағдайында оның көлемі бюджет тапшылығы мен бюджет артықшылығы ауытқуларынан **T жағдайымен** салыстырғанда артады.

Нәтижесінде тұрақтандырғыш құралдар қарқынды түрде жұмыс жасап, экономикалық өсуге немесе жиынтық сұраныстың төмендеуіне **AD** әкеледі.

Шешімі: салық мөлшерін **T1 деңгейіне дейін** көтеру.

Мемлекеттің негізгі мақсаты

экономиканы тұрақтандыру, яғни фискалды саясатты пайдалана отырып,

(G) және **(T)** мөлшерлерін өсіру арқылы жұмыссыздық, инфляция қарқынын төмендету және өндірісті өсіру мәселелерін шешу.

Дискреционды фискалды саясат

мемлекеттің арнайы түрде салық деңгейі (T) мен мемлекеттік шығындарды (G) реттеу арқылы нақты ұлттыө өндіріске, жұмысбастылыққа және инфляцияға әсері.

Дискреционды фискалды саясатта

(AD) ынталандыру мақсатымен мемлекетте

бюджет тапшылығы қалыптастырылады.

Нәтижесінде ($G \uparrow$) өседі де , ал ($T \downarrow$) төмендейді.

Дискреционды емес фискалды саясат
автоматты түрдегі тұрақтандырғыштардың
қолданылуы арқылы жүзеге асады,
яғни макроэкономикалық
жағдайға байланысты өзгерістер жүргізіледі.

Негізгі экономикалық тұрақтандырғыштарға:

- экономикалық ауытқулар уақытсындағы салық төлемдерінің өзгерісі;
- Негізінен трансферттердің өзгерісі.

3 сұрақ. Мемлекеттік шығындар мультипликаторы

Мемлекеттік шығындар мультипликаторы мемлекеттік шығындардың бір бірлікке өсімі нәтижесінде ЖҰӨ қаншай шамаға өсуін көрсетеді.

$$Myg = \Delta BNI / \Delta G$$

$$\Delta BNI = Myg \times \Delta G$$

Мемлекттік шығындар мультипликаторы өскен сайын
дискреционды фискалды саясат
экономиканы **қарқынды түрде реттейді.**

Салық мультипликаторы.

Нақты мультипликатордың қолданылуы ұлттық өнімнің
төмендеуіне әкеледі. Бірақ тұтынудың, AD -ң
және $ЖҰӨ$ -ң төмендеуі
салық көлемінен аз көлемге өзгереуіне әкеледі.

ҚБТ жинақтау мен тұтынудан тұрады.

Тұтынудың төмендеуі **mpc** - ға
байланысты болады.

Егер салық өссе, онда шығындар төмендейді. Яғни
ЖҰӨ төмендейді.

4 сұрақ. Ығыстыру әсері.

**Осы әсердің нәтижесінде фискалды
саясаттың әсері төмендейді.**

Ығыстыру әсері дегеніміз – пайыз мөлшерінің өсуі нәтижесінде **жоспарланған инвестиция көлемі қысқарады** да, **мемлекеттік займдар көтеріледі.**



Дәріс соңы